

## Алматы қаласында Тәуелсіздік ескерткішін орнату туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1995 жылғы 3 шілдедегі N 2355

Тарихи оқиға - Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігінің жариялануын мәңгі есте қалдыру, қоғамды топтастыру, гуманизм, ұлтаралық татулық, қазақстандық патриотизм тәрбиелеу идеяларын көркем бейнелеу мақсатында қаулы етемін:

1. Алматы қаласында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі ескерткіші орнатылсын.

2. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі ескерткішінің Ш.Ы.Уалиханов басқаратын авторлар тобы әзірлеген жобасы негізінен мақұлдансын.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Тәуелсіздік ескерткішін жобалау мен орнатуды жүзеге асыруға арналған қаржыландыру көздерін анықтасын. Алматы қаласының әкімімен бірлесіп, қор құрсын, барлық меншік түрлері құрылымдарының және азаматтардың құрмалдықтары есебінен қаражат жинауды ұйымдастырсын.

4. Алматы қаласының әкіміне жер учаскесін бөлу, жұмысты

жобалау кезінде негізге алынатын деректерді беру, шығармашылық топтың жұмыс істеуіне қажет уақытша үй-жай болу тапсырылсын.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі ескерткішін салу жұмыстарын іске асыру "Алматықұрылыс" холдинг компаниясына жүктелсін.

Қазақстан Республикасының  
Президенті